



# Ақмешіт

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

#qazaqstan30

### БАҒЫТТЫ БАҒДАР АЙҚЫНДАЙДЫ



Ата-бабамыз сан ғасыр бойы өз алдына зайырлы тәуелсіз ел болуды армандады. Оған жету жолында Ұлы Дала не көрмеді десенші? Талай қиыла заманды бастан өткеріп, қаншама асуды бағындырды. Бодандық, зұлымдар көрсеткен зәбір, бір үзім нанға зар еткен аштық, әділетсіздіктің құрбаны болып, жазықсыз жер құшқандар, жойқын соғыс, кешегі Желтоқсан ызғары... Міне, осының бәрі – Атамекен үшін, еркін ел болу үшін жасалған батыл қадам мен көзсіз ерлік. Оның құны атаның қаны, ананың көз жасымен өлшенетіні де сондықтан. Кең байтақ жазық даланы ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпес үшін өмірі ат үстінде өткен бабалардың ерлігін ұмыту әсте мүмкін емес.

3 БЕТТЕ

### МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМА

## ЕЛІМНІҢ ӘР БӨЛІГІ ҚЫМБАТ МАҒАН

Тәуелсіздік алғалы көптеген бағдарлама қабылданып, ел игілігі жолында атқарылған жұмыстар жемісін беруде. Сондай атаулы бағдарламаның бірі – «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы. Бағдарлама аясында Солтүстік өңірге Оңтүстіктен оның ішінде біздің Қызылорда облысынан да қоныс аударушылар қатары жыл сайын артып келеді. Ол жаққа барғанда жұмысқа орналасу жағдайы қалай шешіледі? Баспанамен қамту жағдайы қалай орындалады? Осы және өзге де сауалдарға жауап іздеп көрдік.



Бұл ең алдымен, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салықалы саясатының жемісті нәтижесі екенін атап өтуіміз керек. Ол жаққа барған әрбір маман, тұрақты жұмыспен қамтылады. Бұл елдегі жұмыссыздықты жоюға оң әсер етері анық. Бұл тұрғыдағы жұмыстар қазіргі таңда да өз жалғасын тауып келеді. Сондай-ақ маңызды мәселе ретінде мемлекеттік деңгейде қолдау тауып отырғанын айта кетуіміз керек.

«Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында өткен жылы облысымыздан 114 отбасы қоныс аударды. Оның ішінде Қостанай облысына 41 отбасы, Солтүстік Қазақстан облысына 20 отбасы, Шығыс Қазақстан облысына 23 отбасы, Павлодар облысына 30 отбасы көшіп барған.

2 БЕТТЕ

### ӘП-БӘРЕКЕЛДІ!

## ҚАМШЫБЕК СЫЙАҚЫСЫН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚКА ЖҰМСАЙДЫ



Бокстан Қазақстан ұлттық құрама капитаны Қамшыбек Қоңқабаев мемлекет тарапынан берілген сыйақыны қайырымдылық қорына жұмсайды. Бұл туралы боксшы «Facebook» әлеуметтік желісіндегі парақшасына жариялады. «Құрметті спорт сүйер қауым! Алматы қаласында Қазақстан бокс федерациясының президенті Кеңес Хамитұлының қолдауымен Олимпиада ойындарына қатысқан спортшылар мен жаттықтырушыларды марапаттау рәсімі өтті. Команда капитаны ретінде ұлттық құрама атынан қандай нәтиже болсын бізге қолдау көрсетіп жатқан Кеңес Хамитұлына алғысымды айтқым келеді. Осы орайда мемлекет тарапынан берілген 75,000 \$ сыйақыны қайырымдылық қорына жұмсауды жөн көрдім», – деп жазды боксшы.

«Ақмешіт-ақпарат»

### АҚМЕШІТ ҚЫЗЫЛОРДА БОЛҒАНДА



АЛДАЖАР ӘБИЛОВ, филология  
ғылымдарының кандидаты:

## «ҚАЗАҚ ЕЛІ АСТАНАНЫ КӨШІРУДЕ ЕКІ НӘРСЕДЕН АЙЫРЫЛДЫ»

Білікті педагог, белгілі ғалым, филология ғылымдарының кандидаты **Алдажар Әбіловпен «Ақмешіт Қызылорда болғанда»** айдары бойынша сұхбат жүргізген болатынбыз. Онда сол замандағы тарихи мәдени ғимараттар мен басқа да құнды жәдігерлер туралы кеңінен айтылады. Ғалым туған өлкесі мен бүгінгі туралы тұщымды пікірі мен пайымды ойын ортаға салып, әсерлі әңгіме өрбітті.

3 БЕТТЕ



### АУҒАНСТАНДАҒЫ АХУАЛ

Әлем жұртының назары қазір Ауғанстанда екені рас. Талибандар (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) елді толықтай басып алғаннан кейінгі елдің ахуалы барлығын алаңдатуда. Осы орайда CNN арнасының тілшілері Роб Пичетты, Салем Мехсуда мен Тим Листер «Талибан оппозиционерлерді басуда, ал әуежайда хаос орнады» тақырыбында репортаж жариялады.



Арнаның хабарлауынша, Талибандар елдегі билікті бірден қолға алып, оппозиционерлерді тоқтатуға кіріскен. Сондай-ақ әуежайларды да өз қарауына алған, себебі қазір елін тастап кетуге тырысқан босқындар әуежайды паналауда. Ел ішінде ту ұстап митингтік жиын өткізіп жатқан бейнероликтер тараған соң бейсенбіден бастап Хосте қаласында «белгісіз ұзақтыққа» коменданттық сағат жарияланған. Сондай-ақ мақалада белгісіз ақпарат көзінің хабарлауына қалада «Ислам Өмірлігінің біріккен күштері миналдан тазарту жұмыстарын жүргізіп болғанға дейін» бұл шектеу шаралары сақталатыны жазылған. Хостеда және оның аудандарында шамамен 650 мың тұрғын бар екен.

Арна тілшілері тәліптердің оппозиционерлерге қарсы мұндай шара қолдануы олардың «билігі жиырма жыл бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ұстамды және инклюзивті болады» деген сөздеріне қайшы келеді деп бағалауда.

Дегенмен ел ішінде әлі де болса митингтік шаралар да, оларға қарсы шектеу де жалғасып жатыр. Әсіресе 19 тамыз – Ауғанстанның тәуелсіздік алған күніне орай (1919 жылы Ұлыбритания басқарудан бас тартқаннан бастап 19 тамызда Ауғанстан тәуелсіздік күнін тойлайды) ереуілге шыққандар саны артқан.

Ел астанасы Кабулда қара-қызыл және жасыл түсті мемлекеттік туды ұстап талибандарға қарамастан мерекелік күнді атап өтуге жүздеген адам шыққан. Олар тәліптердің туын құлатқан, ол ісі үшін ауаға ескерту оғы атылған.

Сондай-ақ 19 тамызда атылған оқ дауысы бұған дейінгі күндерге қарағанда едәуір қарқынды болған, – деп жазады тілшілер. Сәрсенбі күні Джелалабадта орталық алаңдағы туды құлатқан бірнеше адамға содырлар оқ атқанын және соққанын астана алғанын арнаға куәгерлер хабарлаған. Ал бірнеше жыл жұмыс істеп келген ауған әйелдері енді өз қауіпсіздіктері үшін алаңдаулы.

Ел астанасының әуежайында шетел асып кеткісі келетін босқындар саны күн сайын артауда. Олардың барлығы тексеру пунктінен өтіп, ұшу алаңына жетуге тырысып жатыр. Дегенмен Пентагон оларға қауіпсіз транзит қамтамасыз ете алмайтынын, соңғы 5 күнде 7000 адамды алып кеткенін хабарлаған.

Ал Джо Байден АҚШ азаматтарын алып кету үшін өзі қойған соңғы күннен Америка сарбаздары тағы бірнеше күн кешігуі мүмкін екенін мәлімдеді. Бірақ бұл хабар ауғандық әріптестеріне жетпегендіктен әуежайдағы хаос тоқтамай, елден кеткісі келетіндер саны азаймай тұр.

АҚШ азаматтарының Ауғанстаннан шығару күні жақындаған сайын әуежайдағы төртіншілік үдей түскен. Ал Америка өз кезегінде әзірге азаматтарды елге қайтару ісін тоқтатып, мұның себебін әуежайдағы қауіпсіздікке зиян келтірмеу мақсатында деп түсіндірген.

Сәрсенбіде Пентагон өкілі Джон Кирби АҚШ сарбаздары тәліптердің жергілікті қолбасшыларымен байланыста екенін хабарласа, қорғаныс министрі Ллойд Остин әзірге азаматтарды бірден жинап алып кету мүмкін болмай тұрғанын мәлімдеген. Сондай-ақ Джон Кирби АҚШ-тың азаматтарын шығару 31 маусымнан кейінге шегерілетіні әлі белгісіз екенін, шегерілетін жағдайда тәліптермен келіссөз жүргізілетінін хабарлады.

Соңғы уақытта әлеуметтік желіде тор қоршаудың артынан ауған аналары өздерінің нәрестелерін америкалық әскерлерге табыстап жатқан бейнелері тарайды. Бұл өз кезегінде ауған халқы елдің болашағын қалай елестетінін дәлелденгендей.

Ұлыбританияның қорғаныс министрі Бен Уоллес нәрестелерді ата-аналарысыз қабылдай алмайтынын, сол үшін аналар балаларымен қайта қауышу үшін ұмтылатынын айтқан. Сондай-ақ ол сарбаздарға өз елін тастап кеткісі келетіндермен жұмыс істеу «өте қиын» екенін де тілге тиек етті.

Бен Уоллес олар барынша босқындарды алып кетуге тырысып жатқанын айтқан. Алайда арна тілшілеріне сұхбат берген бірнеше босқын құжаттары дұрыс болса да оларды алып кетуден бас тартып жатқанын айтқан.

«Reuters» агенттігінің хабарлауына, тәліптер елді басып алғаннан бері әуежайда шамамен 12 адам өлтірілген. Оларға өткізу пунктіне немесе ұшаққа қарай ұмтылғанда оқ атылған.

Голландиялық эвакуациялау ұшағы сәрсенбіде жолаушыларсыз қайтуға мәжбүр болған, ал Еуро одақтың бас дипломаты Хосеп Боррел барлық босқындарды алып кету мүмкін еместігін айтқан. «Ол адамдар бұған дейін Еуро одақтың миссиясын және міндеттерін іске асыруда белсенді болды. Алайда олардың барлығын елден алып кете алмаймыз», – деді ол.

4 БЕТТЕ

## «ЕЛГЕ ҚАЙТСАМ ДЕП ЕДІМ...»

Ендігі бағдар – Ауғанстандағы этникалық қазақтардың тарихи Отанға оралуына мүмкіндік беру. Бұл тұрғыда Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары тәжірибе жинап, шеттен келген қандастарға баспана беру, әлеуметтік көмек көрсету секілді жұмыстарды жүйелі алғанын білеміз. Германия, Израиль мемлекеттерінің қандастарды қайтару жобаларын жетілдіре түсу арқылы өзіндік көші-қон моделін қалыптастырды. Қазақтың деген қай жағдай болсын қолдау білдіріп, атажұртқа қайтуына жағдай жасады. Елге келген қандастар да қайырымды еселеп қайтарып, түрлі саланың алға жылжуына, экономикалық-әлеуметтік әлеуетін арттуына үлес қоса білді. Сол үшін мұндай саяси шешім оң нәтиже бергеніне сеніммен қарауға тұрарлық.

Толіптер билікті қолға алған сәтте көмек сұрап, үндеу жасаған ауған қазақтары да бұл қоше қосылуға ниетті. Тағдырдың айлауымен елден жырықтап, жат жерде өсіп-өнген олар Қазақстанға қайтуға арман етіді. Уақытында Ауғанстан мен Ираннан бір топ этникалық қазақ елге қайтқанда түрлі себептермен ілесе алмай қалған ат төбеліндей аз ғана адам енді ыңғайы келгенін айтады.

Әлеуметтік желі мен ғаламторда тараған бейнедегі азық-түліксіз қалған этникалық қазақтардың жан айқайы Мемлекет басшының жан айқайы қалдырмады. Қазақстан Президенті Сыртқы істер министрлігіне Ауғанстандағы қазақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді

Басы 1-бетте

# ОТАНҒА ОРАЛУ



және қажет болған жағдайда тарихи Отанына қайтару мәселесі бойынша барынша көмек көрсетуді тапсырды. Бұл туралы Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров мынадай мәлімдеме жасады:

– Ауғанстандағы этностық қазақтардың өтінішіне байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыртқы істер министрлігіне олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және қажет болған жағдайда тарихи Отанына қайтару мәселесі бойынша барынша көмек көрсетуді тапсырды.

Бізге бар мәліметтерге сәйкес, Ауғанстан аумағында 15-ке жуық этностық қазақ отбасы тұрады – шамамен 200 адам. Ал кейбір қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары ауған жерінде бірнеше мың қазақтың тұратыны туралы тексерілмеген ақпарат таратты. Бұл шындыққа сәйкес келмейді. Осыған байланысты ақпаратты мұқият тексеріп отыруды және

халықты дүрліктіреуді сұраймыз, – деді А.Смадияров.

Демек, Ауғанстандағы қазақтардың елге қайтар шағы алыс емес деген сөз. Алайда мамандар бұл мәселедегі бір қиындық қазақ пен өзге ұлтты ажыратуда жатқанын айтады. Мәселен, қауіпті аймақта бар-жоғы 200-ге жуық қазақтың бары белгілі болғанымен, елішілікке өзін қазақтың деп таныстырып, көмек сұрағандар саны одан бірнеше есе көп екен. Яғни қазақ атын жамылып, қатерден бас сауғалағысы келген өзге ұлт өкілдері қазақтың гумандық қадимдерін өз пайдасына асыруға ниетті дегенді білдіретіндей.

– Олардың кейбіреуі қазақша білмейді. Ата-бабаларының Ауғанстан аумағына қоныс аудару тарихы мен ру-тайпалық байланыстары туралы да айта алмайды. Біз этностық қазақтардың тарихи Отанына оралуына көмек көрсету туралы өтініштерге

мұқият тексеріс жүргіземіз, – деген министрліктің ресми өкілі.

## «ЖУСАН» АҢСАҒАН ҚАЗАҚТАР

Бүгінде Қазақстан солақай саясаттың ықпалымен ата-бабасы ел асып кеткен қазақтарды ғана емес, теріс ағымдағы топтардың жетегіне кетіп, сан соққан азаматтарды да қайта әкелуге қам жасады. Мысалы, 2019 жылдан бастап ел билігі қате басып, қадимдерін көрінісіне айналған Сирия, Ирак мемлекеттерінен алып шығу үшін бірнеше гума-

**P.S.** Атауы мен мәні астақан ауқымды жобалар Қазақстанның әлемдік аренада тұрақтылықты сақтауға талпынған мемлекет ретіндегі беледі арттыра түсті. Ауғандағы қазақ ағайын да биліктің қатерге тастамасына сеніп, көмек күтуінің сыры да осында болса керек.

Ерсін ШАМШАДИН

нитарлық операцияны қолға алды. Қолға алып қана қоймай, оларды тасымалдау, қауіпті аймақтан шығару, қоғамға бейімдеу, жұмысқа орналастыру секілді маңызды миссияға білек түре кірісті. Тіпті осы бағытта «Жусан», «Русафа» операциясы жүзеге асып, Сирия мен Ирактағы қазақстандықтар елге келді.

Алғашында аталған жобаларға қоғамдық пікір екіұшты болғаны белгілі. Алайда жобаның ел болашағы мен аймақ қауіпсіздігіне ықпал ететіні дәлелденіп, нақты аргумент келтірілген соң көптің күдігі қалмады. Сарапшылар азаматтардың Отанға оралуы келешек геосаяси жүйені оңтайландыру әрі ел азаматтарының ондағы шынайы өмір мен теріс сенімнің ара-жігін ашық зерделеуіне көмектеседі деген сенімде. Расында, соңғы уақытта майдан ортасынан оралған азаматтардың пікірі мен өмірбаяны көптеген қазақстандықтың қате баспауына, ақылмен шешім қабылдап, ақ-қараны тануына септесуде.

Жалпы үш жыл қатарынан жалғасқан «Жусан» операциясының нәтижесі жаман емес. Бүгінде «Жусан» операциясының 5-ші кезеңі шеңберінде Қазақстанға 607 адам қайтарылған. Оның ішінде 37 ер адам, 157 әйел және 403 бала бар екен. Өкінішке орай, елге келген балалардың 34-і жетім. Ал «Русафа» операциясы арқылы Ирактан 14 қазақ баласы оралды. ҰҚК мамандарының сөзінше, алдағы уақытта гумандық қадимдерін көрінісіне айналған «Жусан», «Русафа» операциясы әлі де жалғасуы ықтимал.

**P.S.** Атауы мен мәні астақан ауқымды жобалар Қазақстанның әлемдік аренада тұрақтылықты сақтауға талпынған мемлекет ретіндегі беледі арттыра түсті. Ауғандағы қазақ ағайын да биліктің қатерге тастамасына сеніп, көмек күтуінің сыры да осында болса керек.

Ерсін ШАМШАДИН

# ЕЛІМНІҢ ӘР БӨЛІГІ ҚЫМБАТ МАҒАН

Барған тұрғындарға білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету салалары бойынша 1500-ге жуық бос жұмыс орны ұсынылды. Бір айта кетерлігі, Солтүстік өңірлердегі бос жұмыс орындарының тізімдері Қызылорда қаласының және барлық аудандардың сайттарында, facebook әлеуметтік желісінде және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып тұрады.

Биылғы жылдың өзінде Солтүстік өңірлерге барлығы 57 отбасы қоныс аударғаны айтылады. Қостанай облысына 15 отбасы, Солтүстік Қазақстан облысына 18 отбасы, Шығыс Қазақстан облысына 9 отбасы, Павлодар облысына 15 отбасы көшкен екен.

– Солтүстік өңірлерден білім беру, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету саласы бойынша бос жұмыс орындарын ұсынуға, «Еңбек» бағдарламасына қатысушыларға және олардың отбасы мүшелеріне сондай-ақ отбасылық жағдайына қарамастан жалғызбастыларға бір рет отыз бес АЕК 102095 теңге мөлшерінде қосымша материалдық көмек беріледі. Одан бөлек отбасына және әрбір отбасы мүшесіне де қолдау көрсетіледі. Қосымша материалдық көмек «Еңбек» бағдарламасына қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне олар жана тұрғылықты жерге келгеннен кейін беріледі. «Еңбек» бағдарламасына қатысушының отбасына, оның ішінде жалғызбастыларға он екі ай бойы әй сайын тұрғын үйді жалдау және

Басы 1-бетте

## ДЕНСАУЛЫҚ

# ІНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР АЗАЙМАЙ ТҰР

Коронавирус инфекциясымен күресіп келе жатқанымызға бір жылдан аса уақыт өтті. «COVID - 19» вирустық инфекция қатарына жатады. Ауру ауа арқылы тарап, ауа арқылы жұғады. Бұл дертпен күресу оңай емес. Бүгінде әлем бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық ахуал сөзімізге дәлел.

Қазіргі кезде Қызылорда – «Қызыл аймақта». 20 тамыздағы мәліметке сүйенсек, аймақтан бір күнде 233 жағдай тіркелді. Оның 178-і симптомды, 55-і симптомсыз жағдай. Өткен жылы коронавирус инфекциясымен Сыр өңірінен 14 291, жыл басынан бастап бүгінгі күнге дейін 10 899 науқас тіркелген.

Бүгінде 160 науқас коронавирус инфекциясынан емделіп шықты. Жалпы облыс бойынша 11409 адам аталған дертпен жазылды. Сондай-ақ коронавирус инфекциясы анықталған азаматтармен байланыста болғаны – 36 189, тікелей қарым-қатынас – 33 441, ықтимал қарым-қатынас – 2 748 адам анықталды.

Осы тұста мамандардың айтуынша, өзінді қорғаудың бірден-бір жолы – екпе салдыру. Дәрігерлер халыққа барынша сақтық шараларын ұстанып, көпшілік жерде беттерде киіп жүру керектігін баса айтады. Бүгінде өз денсаулығына салғырт қарайтындардың



коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды өтеуге материалдық көмек беріледі. Қалалық жерлерге қоныс аударғандар үшін адам басына 20 АЕК 58340 теңге мөлшерінде. Отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болса 25 АЕК 72925 теңге мөлшерінде. Отбасы мүшелерінің саны бесеу және одан көп болған кезде 30 АЕК 87510 теңге мөлшерінде төленеді. Ауылдық жерлерге қоныс аударғандар үшін адам басына 15 АЕК 43755 теңге мөлшерінде. Отбасы мүшелерінің саны екеуден төртеуге дейін болған кезде 18 АЕК 52506 теңге мөлшерінде төленетін болады. Отбасы мүшелерінің саны бесеу немесе одан көп болған

жағдайда 21 АЕК (61257 теңге) мөлшерінде төлем төленеді. Халықты жұмыспен қамту орталығы, қатысушы және жұмыс беруші арасында үш жақты әлеуметтік келісімшарт жасалады. Онда жұмыс берушінің жұмыскердің көшуі бойынша шығыстарды өтеуі, жана тұрғылықты жерде орнығуына жәрдемақы беруі, жұмыскерге қызметтік тұрғын үй беру немесе тұрғын үйді жалдау бойынша шығыстарын өтеуі, жұмыскердің тұрғын үй сатып алуға шығыстарын ішінара өтеуі, жұмыскердің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметіне ақы төлеу шығыстарын толықтай немесе ішінара өтеуі бойынша шарттары көзделеді. Мұның барлығы көшіп барған тұрғындардың

қажетіне қарай жасалады, – дейді облыстық жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Жанар Дәулетбаева.

Тағы бір атап өтерлігі, ерікті түрде қоныс аударғандар болса мемлекеттік қолдау шаралары «Еңбек» бағдарламасына қатысушыға және оның отбасы мүшелеріне бір реттен көмек көрсетіледі. Егер қабылдау өңірлерінде сатып алынатын тұрғын үйдің құны біржолғы төлем мөлшерінен аз болса, сомалар айырмасы «Еңбек» бағдарламасына қатысушыға қалады. Біржолғы төлемнің мөлшерінен жоғары болса, құнының айырмасын «Еңбек» бағдарламасына қатысушы өзінің ақшалай қаражаты есебінен өтейді. Өңіраралық қоныс аударуға жәрдем көрсететін жұмыс беруші кемінде бес «Еңбек» бағдарламасына қатысушының жұмысқа орналастыратын болса, оған кемінде үш жыл мерзімге тұрақты жұмыс орнына қабылданған әрбір жұмыскер үшін 450 АЕК (1312650 теңге) мөлшерінде субсидия беріледі екен.

Солтүстік болсын, оңтүстік болсын еліміздің әр бөлігі қымбат. Қазақтың өз жері, өз елі екенін естен шығармаған абзал. Шаруаға ыңғайлы болып, жұмыс пен баспана мәселесі оң шешімін тауып тұрса неге көшіп бармасқа?! Бұл жоғарыда атап өткеніміздей ең біріншіден жұмыссыздық мәселесін бір жақты шешуге оңтайлы бастама. Біз қауаған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осыған саяды.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



салдарынан ахуал күшейіп, науқастардың саны артып отыр. Десе де екпе салдырып, ұжымдық иммунитет қалыптастырып жатқандар да жетерлік. Атап айтсақ, соңғы мәлімет бойынша, біздің аймақта І компонентпен 247 131 адам, ІІ компонентпен 192 694 адам екпе салдырған. Екпе салдыру жұмыстары әлі де жалғасуда.

А.ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Бүгінде конго-қырымдық геморрагиялық безгек ауруының алдын алу мен «МӘМС жүйесінде азаматтарды өзектендіру және медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету – күн тәртібіндегі мәселенің бірі. Осыған орай «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы жанындағы «Ұлт денсаулығы» мәселелері жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңес отырысы өтті.

## ҰЛТ САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА



Сыр өңірі – конго-қырым қанды безгегінің табиғи ошағы. Жыл басынан бері 298 адам кеңе шағумен тіркеліп, 18 адам ауруханаға жатқызылды. «Конго-қырым геморрагиялық қызбасы болжамымен» тіркелген 18 жағдайдың 12-і расталған. Осыған байланысты жыл сайын облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлініп, облыс аумағындағы кенелерден «қолайсыз» аймақ болып танылған елді мекендерде көктем және күзгі мезгілдерде дәрілеу, залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуде.

Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметіне сүйенсек, өңірде конго-қырым геморрагиялық қызбасының қоздырғыштары болып табылатын кенелерден «қолайсыз» ретінде 113 елді мекен анықталған. Көктемгі залалсыздандыру жұмыстарына облыстық ветеринария басқармасының ұсынысымен дизитип ерітіндісі қолданылған. Ал күзгі жұмыстар 23 тамыз бен 20 қазан аралығына жоспарланды. Бұл туралы облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Әлиев мәлімдеді.

Кездесу барысында «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиал директоры Бақыт Исмаханбетов арнайы презентация арқылы атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды. Ол жергілікті тұрғындар арасында МӘМС жүйесін әлі де насихаттау қажеттігін баса айтты.

Жыны соңында қоғамдық кеңес отырысына ұсынылған барлық мәселе қаралып, кеңес мүшелері тарапынан ұсыныстар айтылды.

Білім саласындағы бәсекелестікті арттыру, өрендердің ғылымға деген құшпынысын ояту – мемлекет алдындағы маңызды міндеттің бірі. Осыған орай аймақта мектеп оқушыларының ғылыми конференция, жарыстардан қалыс қалмауын, үздік нәтиже көрсетуін қолдайтын көптеген жоба қолға алынды. Соның ішінде Қызылорда қаласындағы «Білім-инновация» мектеп-лицейінде ұйымдастырылған «Сыр дарыны» білімділер академиясының алар орны ерекше. Жақында аталған академияның жана маусымының ашылу салтанаты онлайн форматта өтіп, негізгі мақсаты сараланды.

## «СЫР ДАРЫНЫ»: БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



«Zoom» платформасы арқылы ашылу салтанатына қатысқан облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова академия білім бәсекелерінде топ жаратын сырбойлық дарынды балаларды даярлайтын ұстаханаға айналатынына сенім білдірді.

– Академия құрамына енген жас дарынды оқушыларымызға алдағы білім бәсекелерінде биік белестерді бағындыруды тілеймін. Зияткерлік жарыстарда қошбасшылық орынға ие болуы үшін біз барлық жағдайды жасауды жалғастыра беретін боламыз, – деді Ақзира Бақтыбайқызы.

Айта кетейік, «Сыр дарыны» білімділер академиясының негізгі мақсаты – бастауыштан бастап, жоғарғы сыныпқа дейінгі оқушыларды түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен конкурстарға белсенді қатысуын арттыру, жоғарғы нәтиже көрсетуге жұмыс жасау. Қазірдің өзінде білімділер академиясы физика, химия, математика, информатика, биология пәндері бойынша оқу курстарын бастады.

Жалпы академия құрамына облыс бойынша 100 оқушы түрлі білім сынақтары арқылы іріктеуден өтіп, таңдалған. Сонымен қатар ұйымдастырушылар 16-21 тамыз аралығында өтетін оқу курстарына белсенді қатысқан оқушылар апта соңында марапатталатынын жеткізді.

«Ақмешіт ақпарат»

# «ҚАЗАҚ ЕЛІ АСТАНАНЫ КӨШІРУДЕ ЕКІ НӘРСЕДЕН АЙЫРЫЛДЫ»

– Алдажар Әбдірәсулұлы, Қызылорда ел астанасы болған жылдары несімен ерекшеленді? Алғашқы әңгімеңізді осыдан бастасыз.

– Қазақ елінде дамуы, өсуі ерекше қаланың бірі – Қызылорда. Өткен дәуірдегі Ақмешіт қаласы мен бүгінгі Қызылорда қаласының тарихы мен экономикалық даму жолын, ерекшеліктерін, тарихи кезеңдердегі ролін, өнері мен ғылымын тұтас зерттегенде ғана қала туралы толыққанды айтуға болады. Ал қазір біздің айтып жүргеніміз үзік-үзік дүниелер ғана. Бұл тұста өлкетанушылардың, облыстық тарихи-өлкетану музейі қызметкерлерінің мойнында үлкен міндеттер тұр деген ойдымын. Енді астана болған жылдары қала несімен ерекшеленді дегенге келер болсақ, бұл тұста негізгі ерекшеленетін тұстар ретінде қала атының өзгеруін, республиканың – Қазақ республикасы атануын, халық ағарту институтының ашылуын, республикалық басылмалардың шығуы және соған сай баспахана ісінің дамуын, кәсіби театр өнерінің өмірге келуін, сауат ашу мектептерінің ашылуын, ауруханалар саны өсуін, кітапхана ісінің дамуын атар едім. Бұл тұста қалада мәдени ошақтар саны өскен, милиция қызметкерлері, кіші медбикелер даярлайтын алғашқы 6 айлық курстар ашылған болатын. Енді ел астанасы болғасын бұдан да басқа толып жатқан жұмыстар атқарылды. Жоғарыда біз атап өткендердің өзі сол тұста көптеген ғимарат салынғанын, бұрынғы патша заманынан келе жатқан біраз ғимараттың қайта жөнделгенін көрсетпей ме?!

– Қызылорда астана болған тұста бой көтерген ғимараттар мемлекет қорғауына алынды ма?

– Ол тұста салынған ғимараттардың мемлекет қорғауына алынғандары да бар, бұзылып кеткендері де аз емес. Ал қорғауға алынуы керектері де бар.

– Тарихқа үнілсек Сыр бойында үш астана болғаны белгілі. Жалпы Ақмешітті өткені мен бүгінде қандай айырмашылық бар?

– Ел тарихында Сыр бойында Қазақ елінің үш астанасы болды, ал Қызылорда болса бір рет қана астана атанды. Ақмешіттің өткені мен бүгінде толып жатқан айырмашылық бар. Тіпті қала осында он жыл бұрынғымен салыстырғанда да көп өзгерді. Сонымен қатар әлемдік тәжірибені ескерер болсақ, қала бұдан да көркеуі керек. Оған қатысты менің өз пікірім бар, оны толық

**Басы 1-бетте**

айтып шығуға көп уақыт керек болады. Негізгісің атар болсам, қала маңында дәрілік шөптер өсіруді қолға алу және соған сай қалада фармацевтикалық зауыт салу, ауыл шаруашылығы өнімдері зауыттарын (ет, сүт, жүн, тері) балық өңдеу және өсіру зауыттарын ашудың маңызы зор. Аграрлық аймақ бола тұра сүт, қаймақ, ірімшік өнімдерінің басқа өнімдерден тасымалдануы бізге сын. Бұған аса мән берген жөн деп есептеймін.

Басқасын айтпағанда маған жақын сала – өлке әдебиеті мен мәдениетінің дамуы әлі ғылыми бағасын алған жоқ. Ал өңірдегі ауыз әдебиетінің зерттелуі сол бұрынғы калпынан аса қойған жоқ. Бұл жөнінде де көп айтуға болады. Біреулер жазба әдебиет пайда болған соң ауыз әдебиеті жойылған сияқты көреді. Бұл тұста халық бар жерде халық ауыз әдебиеті бола беретінін, жасай беретінін естен шығармау керек.

Керісінше, оқушыға мектеп бағдарламасын толық игертуіміз керек, тұрақты дайындыққа тәрбиелеуіміз қажет, сонда ғана нәтиже береді.

– Қазақы құндылық қазіргі қоғамда қадірін жоғалтқан жоқ па?

– Қазақы құндылық қадірін жоғалтқан жоқ. Бірақ қазіргі жастардың көзқарасы ойлануды қажет етеді. Кейде осы тұста біраз нәрсені жоғалтып алдық па деп те қауіптенемін. Ұлттық

қажет. Ұлт ұйысуы бағытында жұмыс жасап жүргендерге қолдау көрсетілуі керек.

– Ақмешіт Қызылорда болғанда қазақ зиялылары негізгі бағдар етті?

– Мұны бірнеше бағытта қарау керек. Бізге ең алдымен кешегі кенес заманында орыс саясаты ұсынған пайымдардан артылу керек. Біз сол бойынша әлі де астананың Орынбордан Қызылордаға көшірілуі ел басқаруға қиындық әкелуден, астананың шалғайда болуынан деп келеміз. Кейінгі деректерге назар аударсақ, бұл тұстан да кеңестік саясаттың кедергі тұстары байқалады. Енді осыны тарата айталаық. Орыстық саясат қазақ зиялыларына Орынбордың өзге аймақтардан шалғайлығын және Ресей жақын тұрғанда ұлттық басқару болмайтынын астыртын түрде жеткізе берген. Қызылорда Семейге, Оралға алыс емес пе, әрине, алыс. Сахалин Мәскеудің түбінде тұр ма? Оны бір қиян шетте деп орыс үкіметі басқара алмай отыр ма? Жоқ, әрине. Бұл тұста да сол заманғы қазақ зиялыларының алауыздығы ел мүддесі үшін өте зиян болды. Біреу Ақмолаға, біреу Семейге сүйреп жүргенде өзбек ағайын астанасын Самарқаннан Ташкентке көшіріп үлгерді. Сөйтіп, Қазақ елі астананы Перовскіге көшіру және астана көшірудің анда тарт, мында тарттың арқасында екі нәрседен айрылды, оның біріншісі – қазақ ғылымы мен мәдениетінің орталығы болып тұрған Ташкент қаласы және оның маңындағы жер өзбек елшісінде кетті, екіншісі – Орынбор арқылы тұтас бір облыстың территориясы Ресейде қалып қойды. Міне, қазақ елінің ұтылған тұсы – осы. Ал біз болсақ мұны әлі күнге дейін сол кеңестік саясат бойынша біз қазақ үкіметінің оң шешімі ретінде қарап жүрміз. Перовск атауын Ақмешіт атауымен ауыстыруға да қазақ коммунистері үрке қарады. Себебі мешіт сөзі кеңестік идеологиямен үйлеспейтін. Міне, осыдан келіп, қала Қызылорда атанды. Бұл туралы С.Мұқановтың «Өмір мектебі» атты мемуарлық романында жан-жақты баяндалған. Қазақ зиялылары астананы Ақмешітке көшіру арқылы қазақ елінің қан ортасында боламыз, ел тізгінін өзіміз ұстаймыз деп ойлады. Олардың бұл ойын кенес билігі іске асырмағанына тарих куә. Бұл – айтылғандардың барлығы да Қызылордаға қатысты тарих. Бұл мәселе бұрынғы күре жолмен емес, жанаша, тәуелсіздік рухымен қайта зерттеліп, зерделенуі керектігін көрсетеді.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



– Ғылым мен мәдениетте, әдебиет пен өнерде қандай тұстарымыз жетіспей жатады?

– Бұл мәселеге келер болсақ, елімізге ортақ жағдай аңғарылады. Бұған қатысты пікірім кенес дәуіріне қарағанда төмендеп кеткен тәрізді. Біз екі дәуірді көрген адамдармыз. Сондықтан салыстырмалы түрде қарау заңдылық. Ғылымда да көптеген жұмыстар атқарылып жатқан сияқты, бірақ көбісі – бұрыннан белгілі жойтқы сал бірдемені қосып, қайта қарау сияқты көрінеді. Мәселен, облыс медицинасының дамуы, темір жол, ауе жолдарының, тас жолдардың даму тарихы қаралмауы, өндіріс орындары тарихы назардан тыс қалуы да көп жойтқы аңғартады.

– Бүгінгі ғылыми жүйеде бізге не жетіспейді? Жетілдіруіміз керек тұс қайсы деп ойлайсыз?

– Бүгінгі ғылыми жүйеде бізге не жетіспейді дегенге келсек, көп нәрсе жетіспейді. Бұл – ұзақ әңгіме. Жалпы ғылымды ойыншыққа айналдырмау керек. Мектеп оқушыларының жаппай ғылыми жұмыспен айналысуын тоқтату керек. Бұл – мұғалім үшін де, оқушы үшін де артық жүктеме. Оның ар жағынан жалғандық, алдамшылық бой көрсетеді. Себебі ол еңбек оқушыны емес, мұғалім мен ғылыми жетекшінікі гой. Ал біз оны баланикі деп жас ұрпаққа теріс ұғым қалыптастыруға жол ашатын сияқтымыз.

тіл мен әдебиетті, салт-дәстүр мен елдік ұғымды қалпына келтірмей болмайды.

– Ұлт болып ұйысу жолында басты керекті бірлік, білім тағы не деп ойлайсыз?

– Бұл тұста мынаған назар аударған жөн деп ойлаймын. Бірлік тек ұлттық мақсатты көздеу керек. Ал, жершілдік рушылдық бағыттағы бірлік ұлттық ұйысу үшін қауіпті. Білім де ұлттық мақсатпен үндесу керек, әйтпесе ол білімнің құны көк тиын болмақ. Ұлттық салт-дәстүр, тіл төрге шығуы қажет. Әлеуметтік желілердегі жалған ақпаратқа тиым салынуы қажет. Бұқаралық ақпараттық құралдарындағы ұлт үшін зиянды бағдарлама, жарияланымдарға тиым салынуы

## БАҒЫТТЫ БАҒДАР АЙҚЫНДАЙДЫ



Міне, осылайша сан ғасырлық Тәңірден тілеген тілегіміз орындалып, егеменді ел атандық. Бүгінде межелеген шекарамыз, елдігіміздің белгісіне айналған рәмізіміз, тұтастығымыздың кепілі – Ата заңымыз бар.

Ауыз толтырып айтарлықтай уақыт болмаса да, 30 жыл ішінде еліміз біршама жетістікке жетіп, әлем мойындайтындай мемлекетке айналды. Кәсіпкерлік саласы өркендеп келеді. Алдымен экономика, сосын саясат бағдарын ұстанған елімізде Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары еліміз үшін кәсіпкерлікті дамыту өзекті мәселенің бірі болды. Себебі бұл саланы дамыту экономиканы тұрақтандыру мен бәсекелік сипатты қалыптастыруда басты күштердің бірі. Бүгінде қай сала болмасын нарықтық экономикада кәсіпкерлік саласымен біте қайнасып жатыр. Осыған орай елімізде түрлі мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда.

Қазіргі кезде облыс бойынша 55738 кәсіпкер бар. Еліміз бойынша кәсіпкерліктің өсім қарқыны жағынан біздің аймақ алдыңғы қатарда. Өңір бизнесін дамыту үшін түрлі бағдарламалар жүзеге асуда. Атап айтсақ, «Бизнестің жол картасы-2025», «Қарапайым заттар экономикасы», «Жұмыспен қамту жол картасы», «Еңбек», «Бастау бизнес» мемлекеттік бағдарламалары арқылы қаншама адам өз кәсібін ашып, ісін дөңгелетіп отыр.

2010 жылдан бастап «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасының іске қосылуы арқасында «Даму» қоры арқылы бизнесті қолдау құралдарының ауқымы айтарлықтай кеңейді. Атап айтқанда, шағын және орта бизнесті несиелеу, шағын және орта бизнесті несиелендіруге кепілдік беру бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау. Сондай-ақ шағын және орта бизнеске арналған оқыту бағдарламаларын кең ауқымда жүзеге асыру басталды.

Биылдың өзінде «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы аясында 8,9 млрд теңгеге кәсіпкерлердің 780 жобасы субсидияланды. Берілген несиелердің 6,9 млрд теңгені құрайтын 430 жобасы Қызылорда қаласының үлесінде, ал қалған 2 млрд теңгенің 350 жобасы облыстың аудандарына тиесілі. Жеке кәсібін ашу үшін несие алушылардың саны өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге артты.

Бүгінде еліміздегі эпидемиологиялық ахуалға байланысты қарапайым халыққа «Онлайн» микрокредиттер беріледі. Әлем алысқан дерттің салдары кәсіпкерлік саласына да айналды отпеді. Соңғы екі жылдағы қатаң карантиндік талаптар қаншама кәсіпкердің кәсібін құлдыратты. Осыған орай қазір экономиканың зардап шеккен салаларына қаржы бөлініп, кәсіпкерлерді қайта қаржыландыруда.

Айта кету керек, мемлекеттік бағдарлама негізінде екінші деңгейдегі банктердің назарынан тыс қалатын азық-түлік сауда дүкендері, тамақтану орталықтары, шаштараз, көлік тасымалдау тағы да басқа кәсіп түрлеріне жеңілдетілген несиеге қол жеткізу мүмкіндіктері кеңейді. Нәтижесінде республика бойынша Сыр өңірі алғашқы бестікке енді.

Сонымен қатар «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 2019 жылдан бастап жалпы 9,6 млрд теңгеге 119 жоба, оның ішінде биыл 10 жоба

**Басы 1-бетте**

қаржыландырылды. Ал «Еңбек» бағдарламасы аясында 371 адамға микрокредит берілді. Бүгінде «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы ауылдағы кәсіпті дамыту үшін 136 жобаны мақұлдады. Жобаның басым көпшілігі мал шаруашылығына арналған.

Елімізде кәсіпкерлікті қолдау үшін «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы коммерциялық емес ұйымы құрылды. Бүгінде кәсіпкерлер палатасы шағын, орта және ірі кәсіпкерлік мүдделерін қорғайды, ішкі және сыртқы сауданы қоса алғанда, кәсіпкерліктің барлық саласын қамтиды. «Атамекеннің» негізгі міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және бизнес жұмысының заңнамалық және өзге нормативтік ережелерін қалыптастыру үдерісіне барлық кәсіпкерлердің барынша қатысуын қамтамасыз ету. Қазіргі кезде «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы арқылы жаңа микроқаржы ұйымы құрылуда. Ондағы басты мақсат – «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқуды аяқтаған жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтардың

кәсіпкерлік бастамаларын қаржыландыру.

Сондай-ақ «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасына өзгеріс жасап, халыққа микрокредит беру құралын енгізді. Нәтижесінде 1927 бизнес-жоба қаржыландырылып, 2,5 мыңға жуық жұмыс орны құрылды. Жалпы бұл жобаны екінші жартыжылдықтан бастап іске асыру көзделуде. Одан бөлек өткен жылы «2023 жылға дейін облыстың экономикалық даму жоспары» қабылданып, бизнеске 271 млрд теңгені құрайтын 265 жобаны іске асыру үшін ұсынылған болатын. Былтыр 89 жобасы іске асырылып, мынанан аса жаңа жұмыс орны ашылды.

**Биылдың өзінде «Бизнестің жол картасы-2025» бағдарламасы аясында 8,9 млрд теңгеге кәсіпкерлердің 780 жобасы субсидияланды. Берілген несиелердің 6,9 млрд теңгені құрайтын 430 жобасы Қызылорда қаласының үлесінде, ал қалған 2 млрд теңгенің 350 жобасы облыстың аудандарына тиесілі. Жеке кәсібін ашу үшін несие алушылардың саны өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге артты.**

– Сыр елінің жергілікті тұрғындарының басым көпшілігі егін және мал шаруашылығымен айналысады. Сондықтан осы саладағы кәсіп түрлеріне басымдық берілген. Атап айтқанда, қой, сиыр және жылқы етінен бұқтырылған консервілер, сондай-ақ күріш, қарақұмық және арпа ботқасы өндірісі бар. Қызылорда қаласында шұжық өнімдерінің 16 түрін өндіру бойынша жоба іске асырылды. Бүгінде жартылай фабрикаларды, ет және консервіленген өнімдерді, оның ішінде қияр мен қызанақты, джемді және басқаларын (ет өнімдерінің 18 түрі, салаттардың 20 түрі, жартылай фабрикалардың 10 түрі) өндіру және сату басталды. Барлық шығарылатын өнім экологиялық таза болып табылады. Одан бөлек түйе жүнін өңдеу және өндіру цехы, айна өндірісінің зауыты, күріш сабанынан целлолоза өндіру зауыты, бақша дақылдарын өңдеу бойынша агроөнеркәсіп кешені, жұмыртқа бағытындағы құс фабрикасы және тағы басқа өндірістерді жобалау жұмыстары жүргізілуде, – дейді облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожаберенов.

Соңғы жылдары Сыр өңірінде туризм саласы да қарқынды дамуда. Қазіргі кезде облыс бойынша 4 жағажай, 4 шипажай, 12 демалыс орны, 13 туристік фирма демалушыларға қызмет көрсетеді. Сонымен қатар, 12 туристік соқпақ бекітілген. Бүгінде «Қамыстыбас» демалыс аймағында 22 кәсіпкер қызмет жасайтын 104 демалыс үйі орналасқан. 2019 жылдың қорытындысымен демалушылардың саны 90 000-нан асса, өткен жылы эпидемиологиялық ахуалға байланысты жұмыс жасаған жоқ. Сондай-ақ «Орда Сығанақ», «Жаңақорған шипажайы», «Шипажай Жаңақорған», «Ақ шуақ» шипажайлары халыққа медициналық көмек көрсетуде. Сонымен қатар, облыстық жобалық кенес аясында «Visitorda.kz» ресми ақпараттық-туристік сайты әзірленуде.

Бүгінде кәсіпкерлерге арналған мемлекеттік бағдарламаларды оңтайлы пайдаланып, қызығын қоруге ұмтылғандар да аз емес. Бір қуантарлығы, облыста кәсіпкерлік тек сауда-саттықпен шектелмей, кең өріс алып келе жатыр. Ең бастысы, біздің өңірден шығатын өнімдерге шетелден, көршілес облыстардан сұраныс бар. Бұл да болса, тәуелсіздік жылдардағы кәсіпкерлік саласының жеткен жетістігі.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

Сыр өңірінде интернет желісінде арнайы сайт ашып, казино ойнатқан адамдар бар екен. Қазіргі таңда олар жауапкершілікке тартылып, сот үкімін шығарды. Бұл туралы Қазақстан Республикасы қаржылық мониторинг агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті хабарлады.

Басқарманың хабарлауынша, облыста заңсыз құмар ойындарын ұйымдастырған 3 бірдей адам анықталған. Биылғы жылдың көктемінде басқарма қызметкерлері бұл заң бұзушыларды анықтап, олардың қылмысын дәлелдеді және сот соңғы шешімін шығарды. Құқық бұзушылар – Қызылорда қаласының, Шиелі мен Жаңақорған аудандарының тұрғындары.

Казино ұйымдастырушылар ғимаратты жалға алып, компьютерлерге ғаламтор желісі арқылы ақшалай бәс тігу жолымен ойналатын интернет-казино құмар ойындарын іске қосқан. Компьютерлер жадында сақталған бірнеше бағдарлама мен төлем жүйесіне сілтемелерді криминалист маманның компьютерлік-техникалық қорытындысы анықтады.

Ең бірінші болып 20 наурыз бен 5 мамыр аралығында өз бас пайдасы үшін онлайн казино ұйымдастырған Қызылорда қаласының Б.Ж. атты азаматы ұсталған. Басқарманың хабарлауынша, ол интернет-казино ашып, құмар ойын қызметін ұйымдастырып, ойын бизнесін ұйымдастырушыларға және ұтыстарға салынатын салықтан жалтарып, ойын бизнесі саласындағы қызметтің негізгі принциптерін бұза отырып, заңсыз жүзеге асырған.

Ол өзінің алдын ала құрған жоспары бойынша қаладағы Желтоқсан көшесінен 5 мамыр күні ауыспа келісіммен жалға пәтер алған. Содан соң аталған пәтерге 16 дана процессор, 17 дана монитор, 1 дана модем алып келіп, ғаламтор желісіне қосқан. Сол ғаламтор желісі арқылы «supergomatic», «рулетка», «покер», «блек джек» секілді бірнеше интернет казино ойындарын тікелей қосып, азаматтарға бәс тігіп, казино ойнатқан.

Аталған заң бұзушылыққа сәйкес Қызылорда қаласының №2 соты сотталушы Б-ны Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 307-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танып, оған 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 583 400 теңге айыппұл көлемінде жаза тағайындаған.

Жанақорған ауданындағы қылмыскер кенттегі орталық автобекет

## ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА БАСТАЙДЫ



жанындағы ғимараттың бірінші өзінің кәсіпкерлік бағытында пайдаланамын деп жалға алған. Қылмыстық жоспарын жүзеге асыру мақсатында ғимаратқа маусым айының 20-25 күні 7 дана процессор, 8 дана монитор, ғаламторға арналған Wi-Fi модем құрылғыларын алып келген. Кейін ғаламтор желісі арқылы «Кено», «Penalty», «Bingo 37», «Fortuna» және басқа да интернет-казино құмар ойындарын іске қосқан.

Онымен қоса ол жұмысқа қасир мен күзетші қабылдап, оларға күнделікті 10 мың теңге көлемінде айлық төлеуге келіскен. Өз кезегінде қасир ойын ойнауға келген азаматтардан ақша

қабылдап, болған жағдайда ұтысын берсе, күзетшіге ойын залындағы тыныштықты сақтаумен және казино ойнауға келгендерге есік ашып-жабу міндеттелген.

Аталған қылмыстық іске байланысты Жаңақорған аудандық соты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 307-бабының 1-бөлігімен сотталушы С. есімді азаматты жауапқа тартып, оған 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасын тағайындаған. Енді ол бір жыл көлемінде пробациялық бақылауда болады.

Шиелі ауданынан анықталған қылмыскердің де жоспары осындай болған. Ол ғимаратты жалға алып, ғимаратқа 5 дана процессор, 6 дана

монитор, 1 дана теледидар, 1 дана чек сканері мен принтерін, 2 дана үстел коммутаторы құрылғысын орнатып, аталған ғимаратқа ғаламтор желісін қосқан. Содан соң «Fruit Loto», «Lucky Lady Charm», «Sizzling Hot Deluxe», «Crazy Monkey», «Lucky Naunter», «рулетка», «покер», «блек джек» және т.б. интернет-казино құмар ойындарын іске қосқан.

Сондай-ақ онлайн казиноның жұмысын жүргізіп тұру үшін жұмысқа қасир қабылдап, оған күнделікті 5 000 теңге төлеуге келіскен. Ал қасир өз кезегінде оператор ретінде интернет-казино кеңсеге келген ойынға қатысушылардан қолма-қол ақша алып, ойынға қатысушылардың қалауы



бойынша белгілі бір ойынға тігіп, нәтижесінде шыққан ұтысты қолма-қол кассадағы сомалардан шешіп беретін болған.

Осылайша, қылмыстық жоспары анықталып, Н. есімді заң бұзушыны ұстаған соң оған Шиелі аудандық соты Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 307-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танып, 1 жыл мерзімге бас бостандығын шектеді. Сотталушыға бас бостандығын шектелген 1 жыл мерзімге пробациялық бақылау орнатылып, оған бас бостандығын шектеу жазасына сотталғандардың тәртібіне бақылау жүргізетін мамандандырылған мемлекеттік органға хабарламай және рұқсатынсыз тұрғылықты тұратын мекен-жайын, жұмыс істейтін жерін өзгертуге, жұмыстан бос уақытта тұрғылықты тұратын мекен-жайынан кетпеуі, түнгі сағат 22.00-ден кейін ойын-сауық және қоғамдық орындарға баруы міндеттері жүктелген.

Қылмыс орнынан тәркіленген 38 компьютер процессоры, 41 монитор, модем, теледидар, бейнерегистратор мен 248 000 теңге ақшалай қаражат мемлекет қорына алынды.

Осылайша, бір ғана Қызылорда облысында үш бірдей қылмыскер құрықталды. Олар өзгені жеңілісі арқылы пайда тауып, қомақты қаражатқа кенелуді көздегені сөзсіз. Дегенмен оңай ақша қайдан болсын... Заң бұзғандар заң аялында жауап берді, ал өзгелер бұдан сабақ алуы тиіс.

А.НУРАЗҒАЛИ

ӘБИГЕР

ӘЛЕМ

BBC NEWS

### ГАИТИ ЖЕР СІЛКІНІСІНЕН ЗАРДАП ШЕКТІ

Гаитиде жер сілкінісі болып, елдегі жағдай күрделенді. Ғимараттар қирап, адамдар зардап шеккен. Орын алған табиғи апатқа байланысты ВВС арнасының тілшілері Джеймс Клейтон мен Стефан Винсент оқиға орнына барып, арнада «Гаитидегі жер сілкінісі: шалғай ауылдар көмекке мұқтаж» тақырыбында репортаж жариялады.



Репортаж Ле-Ке қаласының солтүстігінде орналасқан Марселлин ауылынан бастау алады. Жер сілкінісіне дейін мұнда екі шіркеу, медициналық орталық пен мектеп болған. Ауыл ішінен жан-жағында банан талдары өсіп тұрған асфальтталған жол өтеді.

Бірақ тілшілер «Біз барған ауыл адам танымастай» деп жазады. Марселлинге апаратын жол қас қорынып қалған. Мұнда 14 тамызда 7,2 магнитудалық жер сілкінісі болған. Одан аман-сау қалған үй табу мүмкін емес.

Кели Фицджеральд жаңа оқу жылына дайындалып жатқан 15 жастағы бала болған. «Мен оның өмірі осында қысқа болады деп ойламадым», – дейді оның анасы Марис Руоз. Ол сенбі күні үйінен шығып кеткен. Алайда телефонның қуаты таусылғандықтан үйге кірген. Сол уақытта жер сілкінісі басталып, оның үстіне ауыр бетон құймалары құлап, аяғы мен бас сүйегі сынған. «Мен не істерімді білмеймін. Маған оның жеңілесе ғана жылулық сыйлайды», – дейді оның анасы.

Мақалада «Мұндағы апаттың қуатын бағалау мүмкін емес. Екі шіркеу де құлап-талқанып шығып, қирап қалған», – деп жазылған. Оқиғадан бірер минут бұрын адамдар құлшылық жасауға дайындалып тұрған. Кейін жер сілкінісі басталып, ғимарат түгелдей қираған. Күзгерлердің айтуынша, қирандының астынан бірнеше адамның мүрдесі шығарылған, дегенмен онда әлі 25-ке жуық адам бар екен.

Сондай-ақ тұрғындар ешқандай көмек, дәрі-дәрмек, су-тамақ пен құтқарушылар жоқ деп шағымданған.

Маргарет Морис пен оның 8 баласы оқиғадан аздаған жарақат алып, аман қалған. Бірақ олар енді қирандылардың үстінде отырып, өз жағдайларын өздері жасауға мәжбүр. «Бізге үкімет назар аудару үшін айқайлауымыз керек пе? Әлде олар бізді осы жерде өлсін дейді ме?», – дейді ол.

Оның айтуынша, оларда азық-түлік пен су өте аз қалған. Ал гуманитарлық көмек тиелген көлік олардың ауылдарынан жай ғана өтіп кеткен. Үкімет пен көмек беру агенттігі жәрдемдесетінін айтқан. Бірақ мұндағы халық тілшілерге оларға сенбейтінін жеткізген. Тіпті дәрі-дәрмек алатын медициналық орталықтың өзі қирандыға айналған.

Кешкі уақытта бұл таулы аймақта ауа-райы ылғалды әрі суық болады екен. Табиғи апат салдарынан далада қалған адамдардың кейбірінде ғана қалың киімдері бар. Онымен қоса кейде кішкентай сілкіністер болып, бұл тұрғындардың үрейін үдетуде. Олар болашақ туралы емес, оқиғадан кейін аман қалуы армандап отыр.

Қазіргі таңда Гаитидегі ахуал өте күрделі. Өткен айда бұрынғы ел президентіне шабуыл жасалып, қайтыс болды. Саяси құлдырауда тұрған мемлекет Марселлин секілді ауылға көмек беруге қауқарсыз деп тұжырымдайды тілшілер.

Апаттан мұндағы адамдардың барлығы досын, туысын немесе танысын жоғалтқан. Нәтижесінде апаттан көз жұмғандар саны 2000 адамға жеткен. Алайда көз жұмғандар бұдан да көп болуы мүмкін. Олар жер сілкінісінен емес, көмек көрсетілмеудің нәтижесінде көз жұмуы мүмкін деп алаңдайды тілшілер.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған  
Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

### ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

#### АУЛАСЫНА ЕСІРТКІ ЕККЕН

Облыстық полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері «Қарасора-2021» жедел профилактикалық іс-шарасы нәтижесінде 12 тамыз күні 53 жастағы қала тұрғыны сора өсімдігін өсіргендігін анықтаған.

Оқиға орнын тексеру барысында күдікті өз үйінің ауласында 23 түп жасыл түсті, өзіне тән ерекше иісі бар өсімдіктерді егін-өсіргені және жасыл түсті өсімдік тәрзідес хош иісті затты сақтағаны анықталған. Сонымен қатар оқиға орнынан өсімдік баптауға арналған құралдар заттай дәлелдеме ретінде тәркіленген.

Тағайындалған сот-сараптамасының қорытындысына сәйкес анықталған шөп – 23 түп салмағы 1 келіден асатын сора өсімдігіне жататындығы белгілі болып, ал жасыл түсті өсімдік тәрзідес заттын салмағы 329 грамм болатын кептірілген марихуанна екені анықталды. Қазіргі таңда күдікті уақытша ұстау изоляторына қамалды.

#### ЕҢ, ЕҢ, ЕҢ...

### ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ БИІК СҮТҚОРЕКТІ

Әлемдегі ең биік сүтқоректі – ұзындығы 2 метрден асатын, шоқтығына дейінгі биіктігі 3 метрге жететін, жерден басының төбесіне дейін 5-6 метр болатын керік. Ол жұп тұяқты күйіс қайтаратын жануардың бір тұқымдасы. Орталық, Шығыс Африканың оңтүстік аймағындағы бұталы, сирек орманды, жазық далалы жерде мекендейді.

Керіктің салмағы 500-1000 келіге дейін тартады. Басы онша үлкен емес, мойны өте ұзын, бірақ омыртқасының саны – жетеу. Бір не екі жұп түкті мүйіздері болады. Тұлғасы қысқа, әрі мығым, алдыңғы аяқтары артқы аяқтарынан ұзын әрі мықты. Керіктің жүрегі сүтқоректілердің ішінде ең үлкені болып саналады. Ол минутына 60 литр қанды өткізіп, жүрегінің қысымы адамдыкінен 3 есе жоғары болады.

Жалпы түсі ашық сары, қара қошқыл дақтары болады. 10-12-ден топтанып, күндіз жайылады. Негізінде ақанияның бұтақтарымен, жапырақтарымен қоректенеді. Керіктер тұрпы төлдегендіктен бұзауы 2 метр биіктіктен құлап туады. Жаңа туған төлдің бойы 1,8 метр, ал салмағы 50 келідей болады. Оны 6 айдай емізеді.

А.ЫРКЕНОВ



Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 300-бабының 2-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізіліп жатыр.

#### ПӘТЕРГЕ ҰРЛЫҚҚА ТҮСКЕН

14 тамыз күні қалалық полиция басқармасының Ақсай полиция бөліміне жергілікті тұрғын арызданған. Жәбірленушінің айтуынша, кешкілік уақыт 17:00-18:30 аралығында белгісіз адам үйінің асхана бөлмесінің пластик терезесін күштеп ашып кіріп, қонақ бөлмедегі шкаф ішінде тұрған алтын бұйымдарын ұрлап кеткен. Жәбірленушіге келтірілген жалпы шығын көлемі 610 мың теңгені құрайды.

Ақсай полиция қызметкерлері жедел-іздістері шараларын жүргізген. Нәтижесінде 36 жастағы бұрын сотты болған облыс тұрғыны күдікті ретінде тәртіп сақшыларының қолына түсті.

Оған Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабының 3-бөлігінің 3 тармағы бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

#### МАС ЖҮРГІЗУШІ ӨЗ КӨЛІГІН ҰРЛАП КЕТКЕН

16-22 тамыз аралығында өтіп жатқан «Автокөлік» жедел профилактикалық іс-шарасының үш күнінде облыстық полиция департаменті автокөлікті заңсыз иемдену дерегі бойынша республика аумағында іздеу жүрген 1 адамды облыс орталығында ұстады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 200-бабына сәйкес, автокөлікті жымқыру мақсатында заңсыз иемденудің 3 дерегі тіркеліп, автокөлікті анықтау мақсатында облыс бойынша «Тосқауыл» арнайы іс-шарасы жарияланды.

Нәтижесінде қылмысты жасағандар құрықталып, ұрланған автокөліктер нелеріне қайтарылды.

Атап айтқанда, Жаңақорған аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері 17 тамыз күні кенттегі көшелердің бірінде 29



жастағы жергілікті тұрғынның басқаруындағы «ВАЗ-2107» автокөлігін тоқтатып, жүргізушінің мас күйінде жүргенін анықтаған. Сараптама қорытындысымен «орта» дәрежелі масақ күйде жүргендігі үшін ҚР ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігінің талабына сай хаттама рәсімделіп, көлік автотұраққа қойылған.

Тол күні сағат 23-45 шамасында «102» желісіне хабарлама түсіп, белгісіз біреу автотұрақтың есігін бұзып, көлікті айдап кеткендігі жайлы хабарлаған. Аталған хабарлама бойынша оқиға орнына барған қызметкерлер аталған автокөліктің мас күйінде ұсталған азаматқа тиесілі екенін анықтаған.

«Тосқауыл» арнайы іс-шарасы іске қосылып, полиция қызметкерлері автокөлікті кент көшелерінің бірінде анықтап, қайта автотұраққа қойды.

Күдікті өз жауабында істеген әрекеттерін масақ күйде жасағандығын толық мойындаған. Қазіргі таңда осы дерек бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

#### ҰРЫ ҰСТАЛДЫ

Қалалық полиция басқармасының Тасбөгет полиция бөлімінің қызметкерлері жеке үйдің заттарын ұрлады деген күдікпен 32 жастағы қала тұрғынын ұстады.

Кезекші бөлімге 15 тамыз күні жеке меншік үйдің тұрғыны жүгініп, күндізгі 12:00-14:00 шамасында белгісіз қылмыскер оның үйінің дәліз бөлмесінің пластик терезесін күштеп ашып, теледидар алдында тұрған «Оттау тв» тьюнерін, жатын бөлмесіндегі қара түсті сөмкеде тұрған кілттер жинағы және 1-дана пластикке арналған үтігін ұрлап кеткенін айтқан. Келтірілген залал 79 мың теңге деп бағаланған.

Жедел-іздістері іс-шарасы барысында пәтер ұрлығына қатысы бар күдікті ұсталды. Оны бірнеше рет ұрлық жасағаны анықталған.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде. Күдіктіге қатысты ешқандай кетпеу туралы қолжат түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
Аптаасы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтініді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4424 Тапсырыс №1213  
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ